



# САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ ЗИМАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗІРГІ ДӘУІРДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары*



## ТРУДЫ САЛЫКА ЗИМАНОВИЧА ЗИМАНОВА – ИСТОЧНИК ПОЛИТИЧЕСКОЙ И ПРАВОВОЙ МЫСЛИ СОВРЕМЕННОЙ ЭПОХИ

*Материалы международной научно-практической онлайн-конференции*

Нұр-Сұлтан  
2021



М. С. Нәрікбаев атындағы  
КАЗГЮУ Университеті

**САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ  
ЗИМАНОВТЫҢ  
ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗІРГІ  
ДӘУІРДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙДЫҢ  
ҚАЙНАР КӨЗІ**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
онлайн-конференция материалдары*

**ТРУДЫ САЛЫКА  
ЗИМАНОВИЧА  
ЗИМАНОВА – ИСТОЧНИК  
ПОЛИТИЧЕСКОЙ И  
ПРАВОВОЙ МЫСЛИ  
СОВРЕМЕННОЙ ЭПОХИ**

*Материалы международной  
научно-практической онлайн-конференции*

**Нұр-Сұлтан қ. 19.02.2021**

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 340  
ББК 67  
Т78

*Редакционная коллегия:* Калишева Ж. Г. — к. ю. н., доцент Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева; Когамов М. Ч. — д. ю. н., профессор; Аубакирова И. У. — д. ю. н.; Пен С. Г. — к. ю. н., доцент; Воронков Я.; Бектибаева О. С. — доктор РhD.

**Т78 Труды Салыка Зимановича Зиманова — источник политической и правовой мысли современной эпохи:** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары, г. Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 19 ақпан / М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті. — Нұр-Сұлтан, 2021. — 180 б.

ISBN 978-601-7538-40-8

Жинаққа 2021 жылы 19 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор, М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің құрметті ректоры Салық Зиманұлы Зимановтың 100 жылдық мерейтойына орай өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылардың материалдары енген. Конференцияға көрнекті мемлекет қайраткерлері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының басшылары, жақын және алыс шетелдердің ғылыми-құқықтық қоғамдастығының өкілдері, С. З. Зимановтың шәкірттері, қазақстандық жоғары оқу орындарының заңгер ғалымдары, М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің және шетелдік жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

В сборник включены материалы участников международной научно-практической конференции, которая прошла 19 февраля 2021 года в день рождения Салыка Зимановича Зиманова — Академика НАН Республики Казахстан, доктора юридических наук, профессора, Почетного ректора Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева и была посвящена празднованию 100-летнего юбилея Академика НАН Республики Казахстан, доктора юридических наук, профессора Салыка Зимановича Зиманова. В конференции приняли участие видные государственные деятели, руководители государственных органов Республики Казахстан, представители научного юридического сообщества стран ближнего и дальнего зарубежья, ученики С. З. Зиманова, ученые-юристы казахстанских вузов, студенты КАЗГЮУ, в числе которых и международные студенты.

УДК 340  
ББК 67

ISBN 978-601-7538-40-8

© Университет КАЗГЮУ  
имени М. С. Нарикбаева, 2021

## МАЗМҰНЫ • СОДЕРЖАНИЕ

<b>Когамов М. Ч.</b> Предисловие .....	5
<b>Тасмагамбетов И. Н.</b> Приветствие участникам конференции .....	7
<b>Нарикбаев Т. М.</b> Приветствие участникам конференции от имени Университета КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева .....	8
<b>Мәми Қ.</b> Приветствие участникам конференции от имени Конституционного Совета Республики Казахстан .....	11
<b>Абдолла С. Ж.</b> Приветствие участникам конференции от имени Верховного суда Республики Казахстан .....	13
<b>Тугжанов Е. Л.</b> Приветствие участникам конференции .....	15
<b>Мусаев Ә. С.</b> Приветствие участникам конференции от имени Посольства Азербайджана в Республике Казахстан .....	19
<b>Сафинов К. Б.</b> Теоретическая и практическая ценность предложений академика Зиманова С. З. о казахстанском Парламенте .....	21
<b>Ударцев С. Ф.</b> Пять вершин Академика С. З. Зиманова .....	28
<b>Когамов М. Ч.</b> Опыт биева суда — как научное наследие С. Зиманова .....	42
<b>Кулжабаева Ж. О.</b> К вопросу о динамичном соотношении международного и национального права .....	45
<b>Смагулова Н. Л.</b> О применении ценностей казахского права «Жарғы» и суда биев в современной системе правосудия .....	55
<b>Чукмаитов Д. С.</b> Феномен академика С. Зиманова в правовой науке и государственном строительстве Казахстана .....	65
<b>Fehri Gedikli.</b> Некоторые заметки о книге С. З. Зиманова «Казахский суд биев — уникальная судебная система» .....	70
<b>Ағдарбеков Т.</b> Батырбаев Н. С. З. Зиманов — бүкіл Қазақстандық заңгерлердің ұстазы .....	72
<b>Жанузакова Л. Т.</b> Ученый и гражданин. К 100-летию академика С. З. Зиманова .....	78
<b>Нуртаев Р. Т.</b> О методологических аспектах пенитенциарной политики государства .....	84
<b>Ибраева А. С., Дюсебалиева С. С.</b> Идеи академика Зиманова Салыка Зимановича о праве, справедливости и правовой культуре» .....	97
<b>Оразбаева А. И.</b> «Ескі би» мен «Жаңа бидің» арасалмағы хақында .....	103
<b>Тлепина Ш. В.</b> Академик С. З. Зиманов и обычное право казахов. Историография вопроса .....	112
<b>Дюсебалиева С. С.</b> Приветствие участникам конференции .....	145
<b>Шаяхметова Ж.</b> Болмысы бөлек ер тұлға .....	147
<b>Муканова Г. К.</b> Тема национальной идентичности в трудах С. З. Зиманова .....	151

<b>Кабжанов А. Т.</b> С. Э. Зиманов — основатель казахстанской национальной правовой системы .....	159
<b>Канатов А. К.</b> Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан (правовой анализ) .....	168
<b>Даукетова Ж. Б.</b> Биев суд в государствах Центральной Азии .....	174

**Ағдарбеков Т.**

*Академик, заң ғылымының  
докторы, профессор;*

**Батырбаев Н.**

*заң ғылымдарының кандидаты, доцент*

## **АКАДЕМИК САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ ЗИМАНОВ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ ҰСТАЗЫ**

Биыл ұлттық мемлекетіміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Бұл шын мәнінде қайта жаңғырған қазақ мемлекеттілігінің, ата-бабамыз аңсаған азаттықтың тұғырының нығая түскендігінің айнасы. Сондықтан, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында кәзіргі жастар туралы «Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл — егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек» деді.

Осыған орай, «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Асыл ағаны ардақтайық» атты арнайы Мұхтар Құл-Мұхамед бастаған бір топ сенаторлар Үкімет басшысының атына арнайы жолдаған депутаттық сауалда мемлекетіміздің Тәуелсіздік мерекесіне сай өзінің ғылыми еңбектерімен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға іс-қимылымен, болмыс-бітімімен, үлгі-өнегесімен үлкен үлес қосқан, туғанына 100 жыл толатын Салық Зиманов сияқты азаматтарды бағалаудан бастаудың қажет екендігін көрсеткен ұсынысты бүкіл қазақстандықтардың бір ауыздан қолдайтынына күмәніміз жоқ.

Салық Зиманов Қазақстандағы зиялы қауымның ішіндегі ұлттық проблемаларды ерекше түсінетін көп емес заңгерлердің өкілдерінің бірегейі және сол бағытқа өзінің

азаматтығын қатаң ұстады. Ол ұлт мәселесінің өте қыйын және оны шешуге үлкен әділдіктің қажет екендігін айтты. Мұндай жағдай, қазіргі өмірде де сондай және барлық мемлекеттерде де олардың көпұлттылығымен дамығандығымен немесе дамымағандығына байланысты емес. Олардың әртүрлі формалармен, әртүрлі дәрежеде көрінуіне байланысты болады. С. Зиманов осындай көптеген теориялық тұжырымдарға ұлттық мәселелердің мазмұнын бағалау кезінде, дифференциальдық жолмен, әртүрлі мемлекеттердегі тарихи және мәдениеттілік, геополитикалық орналасуы мен демографиялық құрылымдағы ерекшеліктеріне байланысты талдау жасады. Ол осы жағдайларды есептей келе постколониялық Қазақстандағы этникалық аралықтағы жағдайларды ғылыми жолмен талдай білді. С. Зиманов ғалым ретінде және азамат ретінде өмірдің өзімен алға қойылған проблемаларға ерекше мән беріп, көңіл аудара білді. Оның ғылыми – публистикалық еңбектері азаматтық қоғамның қажеттігіне байланысты болды.

С. Зиманов ашқан ғылыми мектеп Сара жол ретінде ұрпаққа ұсынған рухани мол мұра қазақтың ата заңдарын әрі қарай зерттеп, еліміздің ғылымына қажетті идеяларды ұсынды [1].

С. Зиманов қазақтан шыққан алғашқы заң ғылымдарының докторы ретінде, отан соғысынан кейін Қазақстандағы заң ғылымының дамуына ерекше өз үлесін қосты. Қазақтың ұлттық мемлекетінің теориясы мен тарихын зерттейтін ғылыми мектеп қалыптастырды. Қазақстандық заңгерлердің қолдауымен С. Зиманов «қазақ заң ғылымының патриархы» деген құрметті атаққа ие болды. С. Зиманов заңгерлер дайындау жұмысын Алматы заң институтының директорлығынан бастап, Қазақ университетінің заң факультетінің бірінші деканы болып, оның оқытушылар құрамының қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді және көптеген ғылыми бағыттағы шәкірттер дайындауға ат салысты. Ол Қазақтың ғылым академиясының құрамындағы «Философия және құқық институтының бірінші директоры болды және заң ғылымдары саласындағы мамандықтар дайындайтын ғылыми мектебін ашып, оның ары қарай дамуына тікелей ықпал етті.

Тәуелсіз мемлекетіміздің алғашқы жылдары оның нығайып бекуіне мемлекеттің механизмімен құқықтық жүйесін қалыптастырып дамытудың қажет екендігін әлемдік тәжірибеге сай ұсынғандығының маңызы зор болды.

С. Зиманов Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысып ерліктің үлгісін көрсеткен батыр. Ол көптеген медаль, ордендермен, оның ішінде «1 дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған. Сонымен бірге, Маршал К. К. Рокоссовский басқарған майдан құрамындағы 6 механикаландырылған корпусстың 615-миноментті полк командирі болған. Бауыржан Момышұлымен бірдей әскери шенде — полковник дәрежесінде соғысты аяқтаған. Екінші дүниежүзлік соғыста батырлығымен қаза тапқандардың қатарына С. Зимановты да қосуға лайықты деп ойлайтындарға қосыламыз.

Академик С. Зимановтың ғылыми ерекше шешендігі парламенттегі қызметі кезінде халыққа белгілі болды. Ол 1990 жылы еліміздің Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды және заңнамашылар қатарына қосылды. Сонымен бірге Парламент комитетінің төрағасы, Төралқа мүшесі болып тағайындалады. Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларациялық жобасын дайындайтын комиссияны басқарды. С. Зимановтың қатынасуымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң дайындалды. С. Зиманов, осы кезде өзекті тарихи теориялық материалдарға сүйеніп, биліктің жоғарғы деңгейіндегі талқылауларға қатысқан. Ол еліміздің күшті мемлекетке айналуына президенттік биліктің қажеттілігін ұсынған және халықпен сайланған президенттік басқару нысанындағы республиканың қалыптасуы, үкіметтің президентке тікелей бағынышты болуы Қазақстан үшін тиімді екенін айтқан. Мемлекеттік биліктің тәжірибесінде Зимановтың ұсыныстары дәлелденіп, оның болжамындағы аса көрегендігі мен теориялық базасының жоғары болғандығы мойындалып, биліктегі азаматтардың өз қызметтерінде басшылыққа алуға мүмкіндік берілген.

С. Зиманов қазақ халқының әдет-ғұрып құқығының тарихын көп жылдар зерттеуінің нәтижесінде билер сотының жұмысына мән беріп оның маңыздылығын дәлелдеді. Ол билер соты туралы былай деген: Бір жағынан қоғамдық



құрмет пен мәртебенің шыңында тұрған кезде «билер соты» ұғымы кез келген күрмеулі істің ақиқатын табу және сот кесімінің негізі — әділдікке қол жеткізу түсінігімен тең тұрған. Ал би-қазы атағы аталмыш идеяларды қойылған шарт ретінде емес, өз мінез — құлқының табиғи қағидасы ретінде қабылдаған адамға бұйыратын. Мұндай ұғым халық санасында ғана емес, билер санасында да мығым орнаған. Сондай-ақ билерден сот әділдігін жүзеге асыру үшін даналық, шешендік, өзі теңдес бәсекелестермен тең дәрежеде сұхбаттасу, тарихтағы түрлі әдет-ғұрыптық, соттық-оқиғалық нормалардан хабардар болу, хандар енгізген заңдарды білу талап етілген.

Орыстың атақты шығыстанушы — ғалым А. И. Левшин жалпыевропалық көзқараста болса да көшпелі қазақтардың өмірі мен тұрмыс — тіршіліктеріндегі кейбір әдеттен тыс құбылыстарды түсіне білді және өз еңбектерінде «қазақтың көрнекті ақыл иелері, «қазақ халқының тыныш, бейбіт өмір сүрген, заңдар мен әділсот мерейі үстемдік құрған уақыттары болғандығын айтып отырды» — деп жазған. Қазақ халқының осы тарихи даму кезеңін әділеттіліктің «Алтын ғасыры» деп атаған.

С. Зиманов айтқандай «Таңғаларық жайт, билер соты туралы осы «аңсау», олардың даналығы мен адамгершілігіне бас ию қазіргі ұрпағының, оның ішінде белгілі қайраткерлерінің санасынан берік орын алған және ала бермек» [2] деді.

С. Зиманов өз еңбектерінде қазақтың би қазыларының ешкімге тәуелді болмағанын және оларды ешкім сайламағанын, ал төрелік айтатын адамдарды дауласушылардың өздері таңдап алып, оның әділ шешімін күткен. Қазіргі кезде билер сотының ерекшелігін зерттегендер билер сотының жүйесіндегі үлгі болатын тұстарының маңызды екендігін мойындаған [3].

Академик С. Зимановтың жетекшілік еткен зерттеу тобының қортындылары негізінде Қазақстан Республикасының Жоғары Соты мен «Интеллектуал — Парасат» заң компаниясы ұйымдастырған 2008 жылы мамырдың 22–23 жұлдызында Алматы қаласында өткен «Қазақ билер соты — бірегей сот

жүйесі» атты Халықаралық ғылыми конференцияда арнайы белгіленген ұсыныстар қазіргі еліміздегі рухани жаңғыру талаптарына да сай келеді. Конференция қарсаңында С. Зимановтың «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» атты монографиясы ол кісінің жетекшілігімен және тікелей қатысуымен 10 томдық «Қазақтың ата заңдары», «Жеті жарғы» көшпелі қоғамдағы билер әділ сотының нормативтік-реттеушілік мәнін көрсетіп, деректер мен заңнамалық актілердің жиынтығын қамтыйды. Конференция қарсаңында ғалымның «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» атты монографиясы 4 тілде: қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде шығарылды. Шет елдерден конференцияға арнайы келген ғалымдар мен өзге де мемлекет өкілдерінің ұлттық құқығымызға деген қызығушылығын туғызған.

Конференцияға қатысушылар Қазақ билер соты әділ соттың тарихи өлшемдерінің бірі бола алады деген ғылыми тұжырымдамаға келісіп, арнайы ұсыныстар жасады, солардың екеуін көрсете кетуді жөн көрдік:

1. Қазақстан ғалымдары әзірлеген адам бостандығы мен адамгершілікке негізделген қазақ билер сотының бірегейлігі туралы ғылыми тұжырымдаманың дүниеге келуі мемлекеттік құқықтық ғылымда аса маңызды оқиға болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жоғарғы оқу орындарының заң факультеттерінде «Қазақ құқығы «Жарғы» және билер әділ соты» факультативтік оқу курсы, кейіннен оқу пәнін енгізу мәселесін қарастыру жөнінде өтініш жасаудың қажеттілігі ұсынылған.

Ұлы ұстаз Салық Зиманұлының еңбектері бүгінгі рухани жаңғыруға адастырмай, қиналпай апаратын даңғыл жол. Ол жолға түсуге жастарымызды жетелейік, ұлтымыздың жақсы дәстүрлерін насихаттап қана қоймай, ретіне қарай мемлекеттік, әлеуметтік салаларға заң жүзінде енгізейік.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер он томдық = Материалы, документы и исследования в десяти томах; бас ред. С. З. Зиманов; ред. алқасы:

К. А. Әбішев, М. А. Құл-Мұхаммед, Б. Ә. Мұхамеджанов,  
т. б. – В 10 т. – Алматы: Жеті жарғы, 2009.

2. Қазақтың билер соты бірегей сот жүйесі // Қазақтың  
ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер он том-  
дық = Материалы, документы и исследования в десяти  
томах; бас ред. С. Э. Зиманов; ред. алқасы: К. А. Әбішев,  
М. А. Құл-Мұхаммед, Б. Ә. Мұхамеджанов, т.б. – Т. 10. –  
Алматы, 2009. – 584 б.

3. Мәми Қ. Ә. Билер соты – әлемдік құндылық //  
Қазақтың ата заңдары. – 2009. – 60–65 бб.